

**ГАЗЕТ АЙДАРЛАРЫНЫҢ
ТІЛДІК-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қамарова Н.С.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Қазақстан, Ақтау қ.
e-mail: nagbdu@mail.ru

Өтегенова А.Ғ.

магистрант

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Қазақстан, Ақтау қ.
e-mail: altingul_97@bk.ru.

Аңдатпа. Бұл мақалада газет айдарларының тілдік-құрылымдық ерекшеліктері талданады. Баспасөз тілін зерттеуге арналған қазақ тіліндегі Б.Момынова, З.Ерназарова сияқты ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, газет айдарларын синтаксистік, морфологиялық жағынан таладаулар жасалды. Синтаксистік құрылысы жағынан айдарлар көбіне сөз тіркесі күйінде келетіндігі нақты мысалдармен дәлелденді. Сөздердің байланысу тәсілдерінің барлық түрі қамтылғандығына республикалық «Ана тілі», «Егемен Қазақстан» газеттерінен мысалдар келтірілді. Аяқталған ойды білдіретін сөйлем түріндегі айдарлардың да мол ұшырасатыны сөз болады. Баспасөз беттеріндегі тақырыптық айдарлардың құрылымдық ерекшелігі «Алтын Орда» газеті арқылы талданады.

Антропоцентристік парадигманың «лингвомәденеттану» бағытына газет-журнал, айдарлар тілін жатқызатынымыз сөз болады. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды танытуда, халықтың көкейкесті мәселелері мен ұлттық проблемалар баспа беттерінен жарық көріп, оқырманға жол тауып жатқандығы зерделенеді. Газет-журнал беттеріндегі тақырыптар мен олардың жазылу стилі көркем әдеби туындылардан құрылымдық ерекшелігі мен лексика-семантикалық сипаты арқылы ерекшеленетіндігі зерделенеді.

Түйінді сөздер: Қазақ баспасөзі, мерзімді баспасөз, баспасөз тілі, синтаксистік және морфологиялық ерекшеліктер, әдеби тіл.

Газет тіліндегі бағалаушылық лексика мен бейтараптанған лексикаға жеке-жеке тоқталып өтсек: қазақ тіл білімінде тілші ғалымдар А.Алдашева, О.Бүркіт, Б.Момынова, т.б. газет мәтіні, газет тілінің ерекшеліктері, публицистика стиліне арналған зерттеулері, бірқатар еңбектері бар. Б.Момынова «Газет лексикасы: жүйесі мен құрылымы» [1, 78]. атты еңбегінде газет тілінің әлеуметтік сипатының өзіндік қырларын газет тілінің қоғамдағы жағымды, жағымсыз құбылыс, өмір өзгерістеріне идеологиялық қарсылас ретінде жекелеген адам мен басқа да қоғамдық құрылымға әлеуметтік және саяси тұрғыдан баға беру мүмкіндігіне ие болатындығын атап көрсетеді. Ал ғалым Ф.Жақсыбаева өз зерттеуінде газет мәтініндегі бағалаушы лексиканың қоғам контексіне өте сезімтал болатындығын көрсетіп, газет тілінің лексикасының ерекшеліктерін айқындаған. Қазақ газеттеріндегі бағалаушы лексиканың прагматикалық функция атқаратындығы жөнінде сөз қозғаған.

Зерттеуші З.Ерназарова «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі» деген зерттеу еңбегінде мынандай тұжырым жасайды: «Бағалау сөйлеу актісі үстінде дүниеге келеді. Сондықтан бағалау мәнді сөйлеу актілері бірден-бір прагматикалық мәнге ие болады. Адамзатқа тән құндылықтар тұрғысынан құбылыс – әрекеттерді бағалаушы

мақсатта жұмсалатын сөйлесімнің қалыптасуына прагматикалық мәнбірлер ықпал етеді. Бағалау жағымды- жағымсыз тұрғыда берілетін болса, сөйлеу тілінде осы мақсатқа икемделген бірліктер бар» [2, 169].

Синтаксистік құрылысы жағынан айдарлар көбіне сөз тіркесі күйінде келеді де: тәртіптік кеңесте, оймақтай ой, ел аузынан, алтынның сынығы, тілбұзарлар тұғыры, сүйінші дана сияқты тіркестерде байланысу тәсілдерінің барлық түрі қамтылған. Аяқталған ойды білдіретін сөйлем түріндегі айдарлар да біршама: Ұлт болсам десең, ұрпағыңды ойла; Төл әліппе ата жазуымызды үйренейік; Ақылдасайық, ағайын; Айтылмаса сөз өледі; Дін – дәстүр діңгегі; Жүрген аяққа жөргем ілінеді, т.б.

Еліміз егемендік алғалы бері Қазақстан халқының алдында тұрған ең бірінші мәселе мемлекеттің тәуелсіздігін баянды ету және шешуші факторлардың бірі және бастысы – қазақ ұлтының тарихи және мәдени мұраларын сақтау, құрметтеу болып отыр. Оның себебі ұлттың тұтастығын сақтай отырып, оның құдіреттілігін әлемге айғақтайтын осы аталған тарих пен мәдени мұра. Ал осы басты факторларды тану, білу тек ұлттық әдеби тілдің негізінде ғана жүзеге аспақ.

Қазақ тіліне қатысты мемлекет саясатын қалың жұртшылыққа кеңінен түсіндіріп, бұл жолда қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан басылымдардың бірегейі – «Ана тілі» газеті.

Газет өзі өмірге келген күннен ұлт үшін қасиетті саналатын қазақ тілінің жай-күйін жан-жақты қозғап келеді. Тіл тақырыбына байланысты мақалалар «Тіл тұғыры – ұлт ғұмыры», «Тілі мықтының – елі мықты», «Толғауы тоқсан туған тіл», «Тілін білген түбін біледі», «Тіл мен тұлға», «Тілбұзарға – тосқауыл» секілді айдарлармен жарық көріп отыр.

Ономастика мәселесі – өзекті мәселе. Осыған орай «Жеріңнің аты – бабаңның хаты» айдарымен мақалалар ұсынып, «Ұлы дала атаулары» айдарымен беріліп жатқан материалдардың маңызы ерекше. Бұл дүниелер арқылы оқырман еліміздегі жер-су атауларының қойылу тарихына, сөз сырына бойлап келеді.

Оқырмандарды көбірек толғандыратын тақырып – термин жайы. Бұл мәселе «Терминология және уақыт» айдарымен берілген мақалаларда көтеріліп жүр. Жұртшылықты халқымыздың бай тілдік мұраларымен танымдық, тағылымдық, этимологиялық, тіл мәдениеті тұрғысынан таныстыру мақсатында «Сөзтаным» беті жыл басынан ай сайын ұсынылып келеді. «Атадан жеткен асыл сөз», «Даналық мәйегі» айдарларымен берілетін жырлардың, қанатты сөздердің де сөз құдіретін тануда көмегі мол.

«Алты Алаштың ардағы», «Тұғырлы тұлға» айдарларымен мақалалар берудегі мақсат – оқырман қауымды елге танымал тұлғалардың ел үшін тындырған жарқын істерімен хабардар ету, олардың тұлғалық қасиеттерін ашу. Білім мен ғылым да газет назарындағы маңызды мәселелер. Бұл тақырыптағы мақалалар «Ұлт болам десең, ұрпағыңды ойла», «Білім көкжиегі», «Талшыбық» айдарлары аясында жарық көреді.

Отбасы өміріне арналып, ай сайын берілетін «Шаңырақ» бетінде отбасылық құндылықтарды дәріптейтін мақалалармен қатар, проблемалық мәселелер де көтеріліп келеді. «Дулығалы дала перзенттері», «Дәуір дауысы», «Ойтолғам», «Махаббат қызық, мол жылдар» айдарларымен беріліп жатқан мақалаларды да оқырман жылы қабылдап жүр.

Әдебиетке қатысты «Өлең – сөздің патшасы», «Жыр жолдарынан», «Проза» айдарлары оқырмандарға кеңінен танымал. Бұл айдарлармен талантты ақын-жазушыларымыздың шығармалары ұсынылады. «Сирек кітаптар сериясы» айдары аясында ескі жырлар, дастандар оқырмандарымен қауышып жатса, «Жыл құсы» арнаулы бетінен жастар шығармашылығымен танысуға мүмкіндік бар.

Қандай басылым болмасын оқырманымен ордалы. «Ана тілі» де жер-жердегі оқырмандарымен тығыз байланыс орнатқан. Мүмкіндігінше олар жолдаған хаттардың дер кезінде газет бетінде жарық көрінуіне күш салынады. Газеттің тұрақты авторларына да ризашылығымызды білдіреміз.

Редакция ұжымы үшін атқарылар міндеттер жақсы белгілі. «Ана тілі» газеті мемлекеттік тілдің тұғырын бекемдеу, ұлт рухын асқақтату мақсатында бұдан былай да лайықты үлес қосатын болады.

Бір айта кетерлігі, «Ана тілі» газетінің жаңа айдары тілді меңгерудің коммуникативтік тәсілін негізге алғандығы қуантады. Тіпті бұл әдістемені мектеп мұғалімдері де негізге алуды ойлап отыр. Алғашқы сабақтан бастап жеке сөздер емес, жағдайлық сөйлемдерден басталған әдіс тиімді болары анық. Себебі жеке атау тұлғалы сөздер де, грамматикалық формалар да өзара бір-бірімен байланысып, сөйлем құрамына енгенде ғана тұтас аяқталған ойды білдіреді. Оқытудағы коммуникативті әдісті Германияның оқу бағдарламасын жасаған неміс ғалымдары Г.Нойнер, Г.Хунфельд қолданып, «коммуникация – тіл және іс-қимыл (күлу, дауыс ырғағы сияқты) әрекеттері арқылы болады. Ол алдын ала жоспарланған, дайындалған немесе жоспарланбаған болуы мүмкін» деп түсіндіреді. Сабақ үстінде әдетте дайындалған, жоспарлы сөйлеу коммуникациясына көп көңіл бөлінеді.

Мектеп оқушыларын түрлі суреттер, жағдайлық сұрақтар, жарыс сабақтар біріншіден, олардың бойындағы қызығушылықты оятса, екіншіден, өз ойларын жеткізе білуге дағдыландырады, белсенділігін, ынтасын арттырады. Күнделікті өмірдегі болып жатқан құбылыстар, қоршаған ортамен байланысты, т.б. да түрлі сұрақтар оқушылардың сөйлеу тілінің дамуына зор ықпал етеді. Сондықтан тілді меңгерудің бұл әдісін толық құптарлық.

Мектептерде коммуникативті тәсіл енді қолданылып келеді. Ал газетте берілген мәлімет қосымша әдістемелік болатыны анық. Бұл айдар бойынша алдағы уақытта қазақтың ұлттық дәстүрлеріне, әдет-ғұрпына, наным-сеніміне байланысты сөздер мен сөйлемдер еңсе деген ұсыныс бар. Себебі тілді толыққанды меңгеру үшін оның мәдениетін де, дәстүрін де ұғына білген абзал. Сонымен бірге жағдайлық сұрақтар бірте-бірте күрделеніп тұрақты сөз тіркестерімен, мақал-мәтелдермен толықса нұр үстіне нұр. Ал кейбір сөздердің мағынасын ашу үшін көркем шығармалардан, өлең шумақтарынан үзінді келтіруге де болады. Мұндағы мақсат үйренген сөздерді дұрыс қолдана білуге жаттықтырып, сөздік қорын молайту.

XXI ғасыр антропоцентристік бағыт – зерттеушілердің қызығушылығының адам танымына ауысуын, яғни адамның тілі арқылы өзіне сөйлету, адамның болмысы мен эмоциясын, таным- түйсігін ұрпақтан- ұрпаққа жеткізуші рухани байлық «тілі» арқылы таныту екені белгілі. Антропоцентристік парадигманың «лингвомәденеттану» бағытына газет-журнал, айдарлар тілін жатқызуымызға болады. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды танытуда, халықтың көкейкесті мәселелері мен ұлттық проблемалар баспа беттерінен жарық көріп, оқырманға жол тауып жатады. Газет-журнал беттеріндегі тақырыптар мен олардың жазылу стилі көркем әдеби туындылардан құрылымдық ерекшелігі мен лексика-семантикалық сипаты арқылы ерекшеленеді.

Баспасөз беттеріндегі тақырыптық айдарлардың құрылымдық ерекшелігіне назар аударатын болсақ:

«Алтын Орда» газетінің №42(560) 21-27 қазан 2018 жылғы санындағы тақырыптық айдарларға мән берсек, кейбір айдарлар негізгі сөзден, кейбір айдарлар сөздердің бірігіп не тіркесуі арқылы жасалған, яғни сөздердің жасалу модельдері әр түрлі:

Дара сөз арқылы жасалған айдарлар: Әлем, Саясат, Атырау, Руханият, Ағым, Таным, Аймақ, Қазына, Тағдыр т.б.

Бірігу тәсілі арқылы жасалған тақырыптар: Көкейкесті, Атакүлдік, Ойтүрткі т.б.

Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған сөздер: Елең-алаң, Өмір-өзен, Дүние-жаһан, Ой-Сана, Атамекен-ақпарат, Дүние-дүрмек т.б.

«Алтын орда» газетінің , №41 (559) 14-20 қазан 2017 санында айдарлар атауы ауысып, жасалу модельдерінде де ерекшеліктер кездесіп отырады:

Негіз сөз арқылы жасалған тақырыптар: Мәселе, Ұлт, Рух, Кәусар, Тылсым, Ұлағат, Жарнама т.б;

Сөздердің бірігуі арқылы жасалған тақырыптық айдарлар: Сырқайнар, Шартарап;

«Алтын Орда» газетінің №20 (538) 20-26 мамыр 2016 жылы жарық көрген санында:

Негіз сөз арқылы жасалған тақырыптар: Экономика, Алдаспан, Ғибрат, Жарнама, Спорт, Қазына, Таразы, Бастанғы (жастарға арналған қосымшасы);

Бірігу тәсілі арқылы жасалған тақырыптар: Жансарай, Безбен, Күлтөбе, Жүрекжарды; №16(534) 22-28 сәуір 2019 санында тақырыптық атаулардың лексика- семантикалық және құрылымдық ерекшеліктеріне назар аударсақ:

Дара сөз арқылы жасалған тақырыптар: Ауыл, Ғылым, Көмбе, Зерде, Сарап, нарық, әпсаналар;

Бірігу арқылы жасалған атаулар: Балдаурен, Жандауа (денсаулық қосымшасы);

Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған атаулар: Ондық шам, (отбасылық қосымша), Жаңа дәптер; Мәдени мұра т.б;

«Алтын Орда» газетінде жарияланған ақпараттар ой қозғар жаңалықтары мен халықтың көкейкесті мәселелерін әртүрлі атаулармен беріп отырады. Берілген атаулар жарияланған сайын лексика-семантикалық және құрылымдық өзгерістерге ұшырап отырады. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, олардың жасалу жолы модельдері әртүрлі. Негізгі сөз бен туынды сөзден жасалған атауларды өте жиі кездестіреміз. Десек те, атаулардың негізгі сөзден жасалу тәсілі өте өнімді. Тілдік құрылымдық жағынан өте нақтылыққа ие болып келеді. Себебі, газет тілінің публицистикалық стильдің көркем әдеби стильден ерекшелігі де нақтылыққа құрылуында, аз сөзбен көп мағына білдіруінде. Оқырманға белгілі бір дәрежеде етер әсері мен ықпалы бойынша ондағы сөздердің мағыналық жағынан да көптеген өзгерістерге ұшырап, атаулардың да басылым сайын өзгеріп отыруын байқауымызға болады.

Айқын (республикалық қоғамдық-саяси газет) 184(1608) 6 қазан, 2012 жыл санындағы атаулардың жасалу ерекшелігіне назар аударсақ:

Негіз сөз арқылы жасалған тақырыптар: Дәулет, Руханият, Әлеумет, Демалыс, Сапар, Безбен, Айқындама, Ғалам, Банк, Қоғам, Мерей, Денсаулық

Сөздердің бірігуі арқылы жасалған сөздер: Көзқарас, Қалжыңбас, Жатыпатар, Ақтандақ; Кинотеатр;

Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған атаулар: ақ сөйле, көрші ел, жүректің көзі, дүние-дүрмек, ойлан тап, өнер-өлшем, ұлттық компания, он-лайн, саз әлемі;

Республикалық «Айқын» басылымындағы атаулардың жасалу модельдеріне зер салсақ, басылымда басқа басылымдармен салыстыра қарағанда, сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасалған тақырыпшаларды көп кездестіре аламыз.

Егемен Қазақстан (жалпыұлттық республикалық газет) №398-401(26244) 1 қазан, 2013 санындағы сөздердің жасалу ерекшелігіне қарасақ:

Негіз сөз арқылы жасалған тақырыпшалар: өнеге, жауһар, тағзым, бәрекелді;

Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған тақырыпшалар: «Елімен етене Елбасы», «Есімі елге елеулі», «Адамдық айнасы», «Әлем және Қазақстан», «Мәселенің мәнісі», «Дөңгеленген дүние үйіңізде», «Толғандырар тақырып», «Туыстық туы», «Есімі елдің есінде», «Әріптес туралы әңгіме», «Тәуелсіздік тартуы», «Өңір өмірі», «Өлең және өмір», «Басты байлық», «Замана зиялылар зердесінде», «Президент поштасынан», «Журналист жазбалары», «Жағымды жаңалық», «Өркенділік өрісі», «Кітап көкжиегі», «Оқиғаға орайлас ой», «Өзгеріс өлшемі-өндіріс», «Еркін елдің ертеңі» сияқты көптеген тақырыпшалар сөздердің тіркесуі арқылы жасалған. «Егемен Қазақстан» газетіндегі тақырыптардың құрылымдық ерекшелігіне назар аударатын болсақ, сөздердің тіркесіп келуі арқылы жасалған атаулар өте жиі қолданылған. Сондай-ақ, дербес лексикалық сөздер мен сөйлемдерді бір –бірімен байланыстыру үшін қолданылатын «және» жалғаулық шылауы арқылы жасалған атауларды да кездестіреміз. Мысалы, «Әлем және Қазақстан», «Өлең және өмір» сияқты тақырыпшаларды атап көрсетуімізге болады.

Атамекен (республикалық қоғамдық-экологиялық газет) № 2 (438) 28.01.2015 санындағы тақырыптардың жасалу ерекшеліктерін қарастыратын болсақ:

Негіз сөз арқылы жасалған тақырыпшалар: Оқиға, Дабыл; Қатер;

Сөздердің бірігуі арқылы жасалған тақырыпшалар: Жанайқай, Талбесік, Өмірдастан;

Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған тақырыптар: «жер тағдыры-ел тағдыры», «саяси айна», «қазақстан әлем картасында», «тікелей эфир: пікір, ұсыныс», «атамекен-ақпарат», «Адамдар. Жылдар. Тағдырлар», «Ақ сөйле», «Экологиялық білім», «Зерде қазынасы», «Ұстаз мінбері», «Пайдалы кеңестер», «Шоу бизнес жаңалықтары», «Үкімет сағатында», «Оқиға», «Орман – ұлт байлығы», «Төрт құбыламызды түгелдейік!», «Деген екен», «Ойлан, тап!», «Адам экологиясы», «Әншілер өмірінен», «Қоршаған орта: іс, нәтиже, проблема», «Қауіп пен қатер», «Редакцияға хат», «Атамекен – ақпарат», «Қазақстан қорықтары», «Су – тіршілік нәрі, табиғат сәні», «Ел аузынан», «Ел іші – өнер кеніші», «Дүние-жаһан» сияқты тақырыпшалардың барлағы да сөздердің тіркесіп келуі арқыла жасалған. «Атамекен» басылымындағы тақырыптық атауларда да шылаулар арқылы берілген тақырыпшаларды ұшырастырамыз. Мысалы, «Қауіп пен қатер», «Ой мен сана» тақырыпшалары сөзімізге дәйек бола алады.

Жоғарыдағы басылымдағы септік жалғау арқылы жасалған айдарларға мысал келтірер болсақ:

Ілік септік: табиғат сәні, төрт құбыламызды түгелдейік, қазақстан қорықтары, ұстаз мінбері, «Есімі елдің есінде» т.б.

Барыс септік: редакцияға хат т.б.

Жатыс септік: «Үкімет сағатында» т.б.

Шығыс септік: Әншілер өмірінен, Президент поштасынан т.б.

Қазақ әдебиті №23(136) 2.12.14 газетіндегі тақырыптық айдарлардың жасалу жолын қарастыратын болсақ:

Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған атаулар: «Оқырман хаттары», «Арудың алдын ал», «ресми медицина», «Түбі бір...», «Қолайыңа жақса...», «Кісі сөйлескенше...», «Берекелі болса ел...», «Әділін айт», «Шұғаның белгісі», «Ұлт саулығы», «Мақалаға орай», «кітаппен достасқан», «Жақсының ісі», «Студент дәптерінен», «Атымтай Жомарт», «Бірінші тілек тілеңіз...», «Түркі дүниесінің тұнығы»;

Сөздердің бірігуі арқылы жасалған тақырыпшалар: «Топжарған», «Басқатырғыш», «Түпқазық», «Жерұйық»;

Басылымда аналитикалық тәсіл арқылы жасалған тақырыптық атаулардың саны өте көп. Сонымен қатар, септік жалғаулары арқылы жасалған тақырыпшалар да аз емес. Мысалы,

Ілік септік жалғауы арқылы: «Оқырман хаттары», «Арудың алдын ал», «Шұғаның белгісі», «Ұлт саулығы», «Жақсының ісі», «Түркі дүниесінің тұнығы»; т.б. тақырыптық айдарларды атап көрсете аламыз.

Барыс септік жалғауы арқылы: «Қолайыңа жақса...», «Мақалаға орай», «Тілге көзқарас-елге көзқарас»;

Шығыс септігі жалғауы арқылы: «Студент дәптерінен»; «Көңіл күнделігінен», «Ана тілінің» галереясынан;

Көмектес септігі жалғауы арқылы: «Кітаппен достасқан».

Мысалдардан байқағанымыз бойынша, газет беттеріндегі тақырыпшалардың жасалу жолдары да сан қилы. Сөздердің аналитикалық, синтетикалық тәсілдері арқылы жасалған тақырыптық атаулардың құрылымдық ерекшеліктері, лексика-семантикалық жасалу жолдары өзгеріп отырады. Барлық стиль элементтерін кездестіретін публицистикалық стильде тақырыпшалардың жасалу модельдерінің де әр түрлі сипатқа ие болатынына көз жеткіздік.

Қайсыбір ақпарат құралы болмасын, оқырманы мен тыңдарманының көңіліне жол тауып, қалың қауымға айтылған ойы мен тілі де түсінікті болып, адресант пен адресат арасындағы байланысты мақсат етеді. Газет бетіне жарық көретін мақаланың сөздік қоры мақсат мүддеден шығу үшін, таразыланып, талқыға түседі. Оқырманның мәліметті қабылдауына қиындық туындатардай, өзге де бір тілдік қолданыстар көп кездестірілсе, ондай сөздік қолданыстарды барынша шектеп, әдеби нормадағы сөздермен мақаланы

ұсынуға тырысады. Қысқаша айтқанда, айдарлар лексикасы – элеуметтік тұрғыдан бағалауыштық, жалпылама коммуникативті, мақсатты ақпарат құралы.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Ендеше тілдің тарихы мен дамуы қоғамның дамуымен тығыз байланысты болады. Қоғамның әртүрлі сатыларында болған түрлі оқиғалар ізі тек тілде сақталынып, кейінгі ұрпаққа жетіп отырады. Тілдің даму деңгейін көрсететін бірден-бір құрал – баспасөз. Қай дәуірде болмасын қазақ әдеби тілінің дамуына, оның әртүрлі функционалдық стильдерінің жетілуіне баспасөздің тигізер әсері зор. Мерзімді баспасөз өзі қызмет ететін халықтың тілін ғана пайдаланып қоймай, оның үнемі жетіліп, дамып отыруына өз үлесін қосып отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Момынова Б. Газет лексикасы жүйесі мен құрылымы. – Алматы: «Арыс», 2003. - 228 б.

2. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 192 б.

ЯЗЫКОВО-СТРУКТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ГАЗЕТНЫХ РУБРИК

Камарова Н.С. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан, г.Актау, e-mail: nagbdu@mail.ru.

Утегенова А.Г. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан, г.Актау, e-mail: altingul_97@bk.ru.

Аннотация. В данной статье анализируются Языково-структурные особенности газетных рубрик. Учитывая мнения таких ученых, как Б. Момынова, З. Ерназарова на казахском языке для изучения языка печати, были проанализированы газетные рубрики в синтаксическом, морфологическом отношении. На конкретных примерах доказано, что по синтаксическому строению рубрики чаще всего находятся в состоянии словосочетания. Были приведены примеры из республиканских газет «Ана тілі», «Егемен Қазақстан», где были охвачены все виды способов связи слов. Есть много рубрик в виде предложений, выражающих законченную мысль. Структурная специфика тематических рубрик на страницах прессы анализируется через газету «Алтын Орда».

К направлению антропоцентристской парадигмы «лингвокультурология» можно отнести язык газет, журналов, рубрик. Изучаются актуальные проблемы народа и национальные проблемы в формировании языковой картины мира, в проявлении национальной идентичности и национального самосознания. Изучается, отличаются ли заголовки на страницах Газет и журналов и стиль их написания от художественных произведений структурными особенностями и лексико-семантическим характером.

Ключевые слова: Казахская пресса, периодика, язык печати, синтаксические и морфологические особенности, литературный язык

LANGUAGE AND STRUCTURAL FEATURES OF NEWSPAPER HEADINGS

Kamarova N.S. – Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: nagbdu@mail.ru.

Utegenova A.G. – Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: altingul_97@bk.ru.

Abstract. This article analyzes the linguistic and structural features of newspaper headings. Taking into account the opinions of such scientists as B. Momynov, Z. Ernazarov in the Kazakh language to study the language of the press, newspaper headings were analyzed in syntactic and morphological terms. Based on specific examples, it has been proved that, in terms of syntactic structure, rubrics are most often in a state of phraseology. Examples were given from the republican newspapers "Ana tili", "Egemen Kazakstan", where all kinds of ways of communication of words were covered.

There are many headings in the form of sentences expressing a complete thought. The structural specificity of thematic headings on the pages of the press is analyzed through the newspaper "Altyn Orda".

The language of newspapers, magazines, headings can be attributed to the direction of the anthropocenter paradigm "cultural linguistics". The actual problems of the people and national problems in the formation of the linguistic picture of the world, in the manifestation of national identity and national self-awareness are studied. It is studied whether the titles on the pages of Newspapers and magazines and the style of their writing differ from works of fiction by structural features and lexico-semantic nature.

Keywords: Kazakh press, periodicals, language of the press, syntactic and morphological features, literary language

